

С. Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп дефектологiнiң жылдық рефлексиялық есебi

Арнайы педагогтің 2024-2025 оқу жылына жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Қыркүйек айының 1-15 аралығында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б), оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері дайындалды. Оқу жетістіктерінің бланкілері негізгі пәндердің (математика, қазақ тілі) оқу бағдарламаларының мазмұны негізінде жасалды. Мектептің дефектологі жылдық жұмыс жоспарларын құрып мектеп басшысы бекітті. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді. Сонымен қатар 2 қазақ сыныбының-1 оқушысы және 1 қазақ сыныбының -1 оқушысы ПМПК-ға баруға кеңес беріп, ол оқушылар ПМПК-ға барып қорытындысымен келді. Жылдың соңында 8 сынып оқушысына мұғалім ассистент қажеттілігіне байланысты және 1 орыс сыныбына келетін оқушыға ПМПК-ға баруға кеңес берілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

Арнайы педагогикалық диагностикаға ПМПК қорытындысы бар 2 оқушыға есепке алынды. Ол оқушыларды диагностикада алынды. оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а, 2б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативті паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану) меңгеру деңгейі анықталды, оқу жетістіктерінің карталары толтырылды. Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін анықтап, ұжымдық талқылау жүргізілді. (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

ПМПК қорытындысы және педагогикалық диагностика нәтижесінде 2 оқушыға жеке оқу бағдарламалары әзірленді.

Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді. Түзете-дамыту сабақтары екі негізгі пәнді біріктіре отырып өткізілді.

Жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ереше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары және оқу жетістіктері карталары толтырылды.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2024 жылдың 1-15 қыркүйегі аралығында аралығында ЕББҚ ететін оқушылардың сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) және 4 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді. І-тоқсан қорытындысы бойынша мектепте өткізілген педагогикалық кеңесте “ЕББҚ ететін оқушыларға оқу бағдарламасын бейімдеу” тақырыбында баяндама жасалды.

Өзін-өзі дамыту Әзірше жоспарланбады

Мектептің мұғалім дефектологі:Халымбай С